

Бекітемін:
«Аяжан» балабақшасының
директоры  Д.О.Ирзабекова



**«Аяжан» балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесі отырысының
жұмыс жоспары**

2026-2027 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру. 2. Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері. 3.Педагогтардың өзара қарым-қатынасы және этикалық нормаларды сақтау.	Қыркүйек 2026 жыл	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 3.деп бұзушылыққа қатысты анықталған жағдайлар және оларды талдау. 2.Әдеп бұзушылықтарды болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстар. 3.Ата-аналармен қарым-қатынас барысында педагогикалық әдепті сақтау.	Қараша 2026 жыл	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы 1.Семинар-тренинг: "Педагогикалық әдеп және тәрбиеші имиджі". 2.Тәрбиешілердің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасын жақсарту	Қаңтар 2027 жыл	Хаттама

	әдістері. 3.Тренинг нәтижелерін талқылау және кері байланыс алу.		
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы . Күн тәртібінде 1.Әдеп нормаларын бұзуға қатысты орын алған жағдайларды қарастыру. 2.Әдеп бұзушылыққа әсер ететін себептерді анықтау. 3.Педагогтардың әдеп бұзушылыққа жол бермеу үшін мотивациялық шараларды енгізу.	Наурыз 2027 жыл	Хаттама

Бекітемін:
«Аяжан» балабақшасының
директоры  **А.О.Джарылкасымова**

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

07 қыркүйек 2026 жыл

Қатысқандар:8

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру.
2. Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері.
3. Педагогтардың өзара қарым-қатынасы және этикалық нормаларды сақтау.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

1-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Таменова Алмагул

Мазмұны:

Менгеруші педагогикалық әдеп ережелері туралы түсінік беріп, олардың маңыздылығын атап өтті. Әдеп ережелері педагогтардың кәсіби имиджін қалыптастыруға және балаларға үлгі болуға негізделген. Әрбір педагог қарым-қатынас барысында құрмет, әдептілік, сабырлылық танытып, этика талаптарын сақтауы қажет екені айтылды.

2-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Сайтгалиева Назым

Мазмұны:

Әдіскер педагогикалық әдептің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы рөлі туралы баяндама жасады. Педагогтардың әр әрекеті баланың дамуына әсер етеді, сондықтан олардың мінез-құлықтары мен

сөйлесу әдебі үлкен мәнге ие. Ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық, түсіністік және ынтымақтастық принциптері сақталуы керек.

3-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Ирзабекова Набира

Мазмұны:

Аға тәрбиеші педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың салдары туралы баяндады. Әдеп ережелерін сақтамау – мекеменің беделіне зиян келтіріп, балалардың сеніміне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу ұсынылды.



Кенес төрайымы:
Хатшы:

Д.О.Ирзабекова
Г.М.Болатова